Қазақ университеті
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
№ 3 (1429)
24 қаңтар, 2012 жыл
Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады
www.kaznu.kz



# КӨППАРТИЯЛЫ ПАРЛАМЕНТ:
## саяси жүйенің дамуы, жетілуі, алға жылжуы

**Сонымен, ҚР Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс сайлау және ҚР мәслихаттарына кезекті сайлау өз мәресіне жетті. Орталық сайлау комиссиясының мәліметтері бойынша, сайлауда «Нұр Отан» партиясына 80,99% сайлаушы, «Ақ жол» - 7,47%, ҚКХП-ға - 7,19%, «Ауыл» үшін - 1,19%, ЖСДП-ға - 1,68%, «Әділетке» - 0,66%, Қазақстанның патриоттар партиясына - 0,83% дауыс берді.**



Сөйтіп, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы жеңіске жетті. Бұл жеңіс заңды әрі шынайы. Себебі, «Нұр Отан» партиясы халықтың зор сеніміне және мол әлеуетке ие. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесі бюросының отырысында: «Бұл жеңіс «Нұр Отан»партиясы бағдарламасы мен мақсаттарының түзу екендігін дәлелдейтін үлкен науқан болды», - деп мәлім етті.

Сонымен, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, «Ақжол» Қазақстанның Демократиялық партиясы, Қазақстанның Коммунистік халық партиясы өкілдерінен Мәжілістің жаңа құрамы жасақталады. Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясының отырысында депутаттық мандаттарды бөлу туралы қаулы қабылданды. Қаулыға сәйкес «Нұр Отан» 83 мандатқа, «Ақ жол» 8, ҚКХП 7 мандатқа ие болды. 16 қаңтарда Қазақстан халқы Ассамблеясының XVIII сессиясында ҚХА-дан Мәжіліс депутаттығына кандидаттар үшін дауыс беру қорытындылары жарияланды, олар төменгі палатадан 9 орынға ие болды. 18 қаңтарда Бесінші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісінің жаңа құрамы толық жасақталды. Сайлау қорытындысы Қазақстандағы партиялық ландшафтқа өзгеріс енгізді. 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші шақырылымының бірінші сессиясы өз жұмысын бастады. Бұған дейінгі парламентаризм тарихына көз салсақ, алғаш рет заң шығарушы кәсіби органға сайлау 1995 жылы 9 желтоқсанда өтіп, 67 депутат тұңғыш рет Парламент депутаты атанды. Екінші Мәжіліс 1999 жылдың күзінде енгізілген конституциялық өзгерістерге сәйкес алғаш рет Орталық Азия өңірінде аралас схема бойынша сайланып, онда саяси партияларға тең өкілдік негізінде партиялық тізім бойынша мүмкіндік қамтылған болатын.

*(Жалғасы 4-бетте)*

# Үш тұғыр: тәрбие, білім, ғылым

**19 қаңтарда Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Студенттік топтардың куратор-эдвайзерлеріне арналған семинар-мәжіліс өтті.**

Семинар-мәжілістің ашылуында сөз алған ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов қара шаңырақтың әлі де қарыштап дамуында және ел болашағы иелерін дәстүрді жалғастыра отырып заманауи тәрбиелеуде атқарылар шараларды жандандыру басты міндет екендігін атады. Осы бағытта ақылдасу, кеңесу, тәжірибе алмасу мақсатында жиналып отырғандықты айтып, әлеуеті жоғары мамандар даярлауда ұстаздар қауымына қойылатын талаптың да биік екендігін тілге тиек етті. Ол үшін бірлесіп жұмыс атқару оң нәтижеге жетелейтінін қадап айтып, оқытушы-профессорлар қауымына зор үміт артты.

Студенттік топтардың куратор-эдвайзерлеріне арналған семинар-мәжілісте ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева «Университеттегі тәрбие жұмысын дамытудың негізгі бағыттары және жағдайы туралы» баяндама жасады. Онда тәрбие саласында атқарылған жетістіктер мен әлі де мықтай түсу қажет тұстарды шегелеп айтып, әлеуметтік дамудың индикативті жоспарларымен бөлісті. Ол тәрбие жұмысын жүйелендіру, әлеуметтік серіктестікті дамыту, студенттерді азаматтық, патриоттық, рухани-адамгершілік және мәдени-эстетикалық тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, ауытқушылықтың алдын алу, университет имиджін арттыру, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту сияқты бағыттар әлеуметтік дамудың индикативті жоспарларын құрайтындығын саралады. Шолпан Ерболқызы мәлім еткендей, жоспарлы жұмыстың нәтижесіне жету үшін қара шаңырақта бас тәрбиеші куратор-эдвайзерлерге үлкен қолдау қалыптасқан. Рейтинг бойынша, 99 үздік куратор-эдвайзер жалақысына қосымша үстем ақы төленеді, кураторлар мектебінде апта сайын кеңес беру жұмысы жүзеге асады. Әлеуметтік даму жөніндегі проректордың баяндамасынан белгілі болғандай, 2012 жылдың 1 ақпанынан бастап факультеттерде «сабақтан тыс уақыттағы ұйымдастырушы – аға куратор» ақылы қызмет түрі және жаңа оқу жылынан бастап куратор-эдвайзерлер еңбек ақысына тоғы қосымша төлем енгізілмек. ҚазҰУ-да атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде демеушілік шәкіртақылар саны жоспардан асып түскендігін, яғни бүгінде озат студенттер мен әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге қолдау ретінде жоспарланған 94 шәкіртақының орнына біренші рет 111 атаулы шәкіртақы тағайындалғандығын да көпшілік назарына ұсынды.

*(Жалғасы 3-бетте)*

**23 қаңтардағы ректорат мәжілісі жағымды жаңалықпен, шәкіртақы тағайындаумен басталды. «Қазақстандағы Интернационал Қытай ұлттық мұнай компаниясы» атты ЖШС шығыстану факультеті студенттеріне арнайы шәкіртақы тағайындады. Шәкіртақы шығыстану факультеті қытай тілі кафедрасының студенттері Перизат Сәменова және Ырыскүл Атымтайға берілді.**

## Өткенге таразы, ертеңге дайындық

Сонымен қатар, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры Керім Шәмшіддин, философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова арасында үшжақты келісім-шартқа қол қойылды.

Күн тәртібінде индикативтік жоспардың ғылыми-инновациялық бөлігінің бірінші жартыжылдықта орындалуы жөнінде ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов баяндама жасады. Баяндама барысында әрбір факультет пен кафедраларға тоқталып, индикативті жоспардың жалпы көрсеткіштер тізбегін келтірді. С онымен бірге «ҚазҰУ ғылыми-технологиялық технопаркі» инфроқұрылымының қызметі мен атқарар міндеттері туралы ақпар берілді.

Абай ғылыми-зерттеу институтының жұмысы жөнінде институт директоры Жанқара Дәдебаевтың ақпары тыңдалды. 2009-2011 жылдар аралығындағы жасалған жұмыстар мен алдағы атқарылар мін деттермен хабардар етті. Сондай-ақ, экономика және бизнес жоғары мектебінің есеп және аудит кафедрасы жанынан тәжірибелік бухгалтерлер дайындау орталығын ашу ұсынысы және әдебиет пен өнер саласы бойынша ҚР Мемлекеттік сыйлығын алу үшін ҚР Парламент Сенатының депутаты, ф.ғ.д., профессор, академик Ғарифолла Есімнің «Социализм – күнә мен кінә туралы роман» еңбегін ұсыну бір ауыздан ректорат мүшелері тарапынан қолдау тапты.

Бұл кезекті жиналыста екі хабарландыру жасалды. Олар «Тазалық апталығы» байқауын өткізу туралы «Парасат» университет қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев пен 27-28 қаңтар аралығында өтетін 42-інші «Оқу барысын жақсартудағы инновация мен оқыту сапасын жақсарту сұрақтары» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциясы туралы және 24 қаңтардан бастап әр факультетте ашық есік күндері басталатындығы туралы оқу ісі жөніндегі проректор Гүлнәр Балақаеваның хабарлары. «Конференция информатика кафедрасының ашылғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр», - дейді Г. Балақаева. «Тазалық апталығы» байқауы бес аталым бойынша жүргізіліп, нәтижесі наурызда жарияланады.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

БҮГІНГІ САНДА:

ҚазҰУ және «БТА» банк серіктестігі — 2-бет

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері оқуға тиіс 100 әдеби шығарма тізімі — 3-бет



Сенімді ынтымақтастық-Сапалы ілім — 7-бет



КЕЗДЕСУ

# ҚазҰУ және «БТА» банк серіктестігі

**20 қаңтарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «БТА Банк» АҚ арасында «Жеңілдетілген Ипотекалық Несие» жобасына қол қойылды.**

Құжатқа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан Экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Евгений Ан, ал «БТА Банк» АҚ жағынан Басқарма Төрағасының орынбасары Әділхан Оңғарбаев қол қойды. Екіжақты кездесуге сонымен бірге «Парасат» ҚазҰУ қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев, «БТА» Банк« АҚ басқарушы директоры Күнсұлу Қапбасова, «БТА Банк» Алматы филиалының директоры Гүлмира Әбділдинова және «Алматы Пана LTD» ЖШС директоры Асқарбек Ноғайбаев қатысты.

Әділхан Оңғарбаев білім ордасымен өзара әріптестік байланыстың жоғары деңгейде қалыптасқандығын айтып, әлі де ҚазҰУ-дың үздік оқытушыларына банк тарапынан тағайындалатын шәкіртақылар санын арта түсетіндігін жеткізді. Сонымен бірге жеңілдетілген баға, тиімді кешенді қамтитын «Жеңілдетілген Ипотекалық Несие» жобасы да екіжақты сәттілікке куә болсын деген пікірін жеткізді. «БТА Банк» АҚ бөлім бастығы Сергей Нам жаңа жобаға орайластырылған «БТА» Банкі» және ҚазҰУ серіктестігі» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. ҚазҰУ-дың Экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректоры Евгений Ан жеңілдетілген несие негізінде баспанаға қол жеткізу мүмкіндігіне қызметкерлер қызығушылық танытып отырғандығын жеткізді.

**Саяғүл ӘЛІМБЕКОВА**

ТҰСАУКЕСЕР

# ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

**Жақында тарих, археология және этнология факультетінің оқу залында XVIII ғасырдағы қазақтың атақты ханы – Абылай ханның өмірі мен қызметіне, сондай-ақ сол ғасырдағы Отандық тарихтың күрделі де шиеленісті мәселелеріне қатысты екі томдық «Қазақтың ханы - Абылай» атты құжаттар мен материалдар жинағының тұсаукесері өтті.**



Әр томы 640 беттен тұратын бұл томдарды құрастырып, деректердің бәрін қазақ тіліне аударған, ғылыми түсініктемелерін жазып, көрсеткіштерін түзеген ф.ғ.к., Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай. Жинақ мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Ел-шежіре» баспасынан (директоры белгілі жазушы және журналист Дидахмет Әшімханұлы) жарық көрген. Тұсаукесерді тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Т. Омарбеков кіріспе сөзбен ашып, Абылай ханның қазақ тарихында алатын орны мен рөліне қысқаша тоқталды. Ол одан әрі бұл екі томдық жинақтың әлі де болса Абылай ханның өміріне қатысты белгісіз беттері мен XVIII ғасырдағы ел тарихының көлеңкелі тұстарын зерттеуге аса құнды деректік негіз бола алатынына ерекше назар аударды. Автордың өзі Абылай хан тақырыбына қалай қалам тартқаны жөнінде әңгімелей келе, мұндай жинақты шығаруға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Абылай ханды шаң мен тозаңнан тазартатын уақыт келді» деген сөзі қамшы болғанын тілге тиек етті. Жалпы жинаққа енген 531 материал мен құжатты автор 30 жылдай бойы тірнектеп жинаған екен. Жинақ туралы өз ойларымен т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры Ж.О. Артықбаев, жазушы-журналист Д.Әшімханұлы, тарих, археология және этнология факультетінің профессорлары: Қ.Т. Жұмағұлов, Қ.М. Атабаев және журналистика факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор Е.Алауханов бөлісті.

Пікір білдіргендер «Қазақтың ханы - Абылай» атты ғылыми еңбектің абылайтану саласында, тарих ғылымының деректану саласында алар орнының ерекше екендігін айрықша атады. Сонымен бірге ғалымдар бұл жинақтан Абылай ханмен замандас болған Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар, Батыр, Барақ, Нұралы, Ералы, Досалы және т.б. сұлтандар туралы, есімдері аңызға айналған батырлар мен билер туралы, сондай-ақ XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саяси жағдайы туралы мол материалдар табуға болатынына тоқталып, жалпы З.Тайшыбайдың Отандық тарихқа зор үлес қосқанын атады.

**Б.Б.КӘРІБАЕВ,**
**Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры**

ЖИЫН

# Алғашқы семинар-тренинг



**18 қаңтарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті және Куратор-эдвайзерлер мектебінің ұйымдастыруымен алғаш рет факультеттердегі клубтар мен үйірмелердің жетекшілеріне арналған «Клубтардағы тәрбие жұмысының технологиясы» атты семинар-тренинг өтті.**

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры, ф.ғ.к., доцент Г. Сәрсенбекова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттегі клубтардың ағымдағы оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарының қарқындылығына тоқталса, Куратор-эдвайзерлер мектебінің мүшесі п.ғ.к., доцент Ү. Төлешова клубтардағы тәрбие жұмысының технологиясына және өзі жетекшілік ететін «Шабыт» студенттер театрының жұмыстарына тоқталып, жиналғандармен тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, Тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы Ш. Қанафьева клубтар мен үйірмелерде өткізілген мәдени-танымдық шараларды атап өтті.

Алғаш бас қосқан клуб және үйірме жетекшілері өздерін толғандырып жүрген мәселелерін ортаға салып, қызу пікір алмасты. Мұндай бас – қосулар алдағы уақытта да дәстүрге айналмақ.

***Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент***

ҚЫСҚА-НҰСҚА

ШЫҰ желілік университеті бағдарламасы бойынша Ресей халықтар достығы университетінде білім алып жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранттары жақында Мәскеу қаласындағы Мемлекеттік Кремль Сарайында өткен бүкілресейлік экологтар съезіне қатысып қайтты. Съезде қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау, экологиялық тиімді технологиялар және табиғи ортаны қорғау шараларының өтуін құқықтық қамтамасыз ету, жиналған экологиялық залалды жою, экологиялық құқық бұзушылықтардың жауапкершілігін күшейту, халықтың тұрғылықты жағдайын жасау сұрақтары қаралды.

* * *

ҚазҰУ-да «Ең үздік стенд және ең үздік ғаламтор беті» байқауы жүріп жатыр. Мансап және бизнес орталығы «Мансап» және түлектердің жұмысқа орналасуы туралы ең үздік стенд пен ең үздік ғаламтор беті байқауының қорытындысын 4 ақпанда өтетін «Ашық кафедра: Көшбасшылар ұрпағы» жобасының екінші семестрінің ашылуында жарияламақ. Стендте жарияланған мәліметтердің ақпараттылығы мен өзектілігін басты талап болса, ғаламтор бетін бағалаудағы талаптар мәліметтің толықтылығы мен өзектілігі және мәліметтердің жанару жиілігін құрайды. Жеңімпаз сарапшылардың дауыс беруі арқылы анықталады.

* * *

«Ашық кафедра: Көшбасшылар ұрпағы» жобасына тіркелу 21 қаңтарда аяқталды. Тыңдаушыларының тізімі университеттің «Универ» ішкі жүйесінде 25 қаңтарда жарияланады. Жоба аясында көшбасшылық, ұйымдастыру шеберлігі, ықпал ету, сендіру, коммуникация және презентация, келіссөз жүргізу, шиеленістегі мінез-құлық, өзгерістерді басқару, жоспарлау, менеджмент, маркетинг пен коммуникация, макро- және микроэкономика, тұрақты даму, іскерлік, инновация, ақпарат пен IT және әлеуметтік жүйе бағыттарында дәріс оқылады.

25 қаңтарда дене шынықтыру және спорт кафедрасы «Арнаулы оқу бөлімінде оқу топтарды қалыптастырып сабақ өткізу әдістемелік нұсқаулары» тақырыбы бойынша семинар өткізеді. Семинарға Алматы қаласы жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы және аталған мәселелерге қызығушылық білдірген барлық мамандар шақырылады. Семинар соңында қатысушыларға сертификат беріледі.

ҚОҒАМ

# Табиғаттың өзекті мәселелері назарда

**Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік Кеңсесі және Қазақстан Республикасындағы Жапония елшілігінің қолдауымен Адам және табиғат жөніндегі Жапон институтымен бірге ұйымдастырылған «Орталық Азиада тұрақты қоғам қалыптастыру жолында: біздің болашақ ұрпақ алдындағы міндетіміз» атты ашық семинар өтті.**

Семинар Қазақстан және Жапония ғалымдары мен университет студенттерінің ғаламдық экологиялық мәселелерді шешуде жаңа жолдарын іздестіруді талқылау және ой алмасу алаңына айналды. Семинарда Норио Ищида (Жапония, Киота университеті), Джюнпей Кубота (Жапония, Адам және табиғат зерттеу институты), Роман Ященко (Қазақстан, Зоология институты) баяндама жасап, Қазақстандағы бүгінде табиғи апатқа ұшырап отырған аймақтар мен Арал мәселесіне тереңінен тоқталды. Семинарға қатысушыларды арнайы дайындалған видеослайдтармен және зерттеу жұмыстарымен таныс–тырды. Норио Ищида Жапониядағы Биво көлі мен Арал теңізін қатар салыстырып зерттеген. Бүгінде зейнеткер болса да өз ғылыми зерттеу жұмыстарын тоқтатпай, арнайы құрылған зерттеу тобымен және қазақ ғалымдарымен бірлесе Арал мәселесін зерттеп жүр. «Суды зерттеп жүргеніме 40-50 жыл болды. Жапонияның өткен жылғы жағдайы баршаңызға мәлім.1987 жылы Аралды алғаш көргенмін. 1990 жылы Аралды зерттеуге келдім. Жапониядағы Биво көлінің су құрамының сапасы мен Арал теңізі суының көлеміне 20 жыл бойы кеңінен тоқталдым», - дейді Норио Ищида.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

# Үш тұғыр: тәрбие, білім, ғылым

(Басы 1-бетте)

Тәрбие жұмысын жақсарту мен тұлға қалыптастыруда кітап – асыл қазына екендігі даусыз. Ұстаздардың басын қосқан бұл жиналыста әлеуеті жоғары, көкжиегі кең, білімді де қабілетті маман қалыптасуы үшін кітапқа деген қызығушылықты туғызу оң нәтижеге жетелейтіні сөзсіз екендігін ескерген қара шаңырақ ұжымы студентті жан-жақты дамытуға жол ашатын кітаптардың тізімін ұсынды. Жасалған шаралар мен игі істердің көңілге қонып, санаға тоқылуы үшін кітап оқу, студенттердің кітапқа деген сүйіспеншілігін дамыту басымдылығында жасалған жоба негізінде Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Гүлнар Сәрсенбекова «ҚазҰУ студенттері оқуға міндетті 100 әдеби шығарма» тізімімен бөлісті. Гүлнар Әлібекқызы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері оқуға тиіс әдеби шығармалар тізімін талқылауға "UNIVER" жүйесінде 1270 оқытушы қатысқандығын, Гуманитарлық кеңесте қаралып, талқыланғандығын айтты. Тізімді Абай шығармаларының жинағы, қара сөздері, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бастаған, сонымен бірге басқа да қазақ әдебиеті, орыс және шетел әдебиеті шығармалары тізімнен тыс қалмаған.




Сондай-ақ басқосуда студенттер қалашығында тәртіп сақтау жағдайы және жатақханада тұратын студенттермен жұмыс туралы Ректор аппараты басшысының орынбасары-студенттер қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейітжанов арнайы баяндама жасап: «ҚазҰУ қалашығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2011 жылдың 20 желтоқсанынан бастап ректордың арнайы тапсырысымен кешкі 20.00-ден кейін қалашыққа ешқандай көлік кіргізілмейді, ал қызметкерлер мен тұрғындар, студенттер арнайы рұқсат қағаздарымен ғана кіреді», - деп атап өтті. ҚазҰУ қалашығы директорының айтуынша, студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сағат 19.00. мен 23.00. аралығында арнайы автобус Тимирязев көшесінен жатақханаларға дейін студенттерді тегін тасымалдайтын болады. Сондай-ақ ол студенттік кампустағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында басшылықтың тапсырмасымен университеттің оқу ғимараттарында, жатақханаларда арнайы турникеттер, видео бақылау камерасы мен сигнализация қондырғылары орналастырылғандығын да атап өтті. Ендеше жиылыстағы мәліметтерден байқағанымыздай, еліміздің әр өңірінен келген талапкерлер қауіпсіз мекен қара шаңырақта біліммен сусындап, тәлім-тәрбие алып, салауатты өмір салты мен темірдей тәртібі қалыптасқан студенттік қалашықта еліміздің бәсекеге қабілетті маманы болып дами түспек.

Семинар-мәжілісте бұдан өзге Әлеуметтанулық зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Гүлмира Әбдірайымова куратор-эдвайзерлердің тәрбие жұмысына көзқарасы (әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша) жайында баяндаса, биология және биотехнология факультетінің деканы Тамара Шалахметова факультеттегі Куратор-эдвайзерлер кеңесі жұмысының тәжірибесі туралы бөлісті. Механика-математика факультетінің деканы Уалихан Әбдібеков корпоративті мәдениет нормаларын енгізудегі этика бойынша комиссия қызметі туралы кеңінен мәлімдеді. Арнайы баяндамалардан кейін география және табиғатты пайдалану факультетінің куратор-эдвайзері Зейнеп Сәрсембекова өзінің тәжірибесімен бөлісіп, студенттік топ куратор-эдвайзері қызметіндегі тәрбие жұмысының технологиялары барысына тоқталды. Кезек-кезек көпшілік қауым–ға ұсынылған әр тақырып өзектілігімен, болашаққа деген айқын бағдарымен, нақты ұсыныстарымен ерекшеленіп жатты.

Осылайша, бір ізге жүйеленген куратор-эдвайзерлер жұмысы бұл отырыста тағы бір пысықталып, болашаққа биік мақсат пен айқын бағдар қалыптастырды. Бұл бағытта бұған дейін де сүбелі үлес атқарып жүрген куратор-эдвайзерлер марапаттан кенде қалмады. Студенттермен тәрбие жұмысын жүргізуде жеткен жетістіктері мен қоғамдық жұмыстарға қосқан үлесі үшін халықаралық қатынастар факультетінің куратор-эдвайзері Бөрібаева Сафура Болатқызы, философия және саясаттану факультетінің куратор-эдвайзері Төлешова Ұлмекен Болатқызы, химия және химиялық технология факультетінің куратор-эдвайзері Сейілханова Гүлзия Аманкелдіқызы, шығыстану факультетінің куратор-эдвайзері Жұмажанова Фарида Тоқанқызы, заң факультетінің куратор-эдвайзері Әлімқұлов Ербол Темірханұлы және филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің куратор-эдвайзері Когай Эльмира Радиковна әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университететі ректорының Құрмет грамотасымен марапатталады.

Сөз соңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалым Мұтанов: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», - дейді халық даналығы. Ендеше түлектер бойына жақсы қасиеттер қалыптастыру, біріншіден, ұстазға байланысты. Ол үшін, әрине, алдымен, ұстаз осы атаққа сай болуы керек. Бүгінгі жастар өте сезімтал, ол аудиторияда алдарында кім сөйлеп тұрғанын, неге қабілетті екенін бірден сезе қояды. Сондықтан да ұстазға қойылатын міндет те, талап та өте жоғары. Оқытушылар жақсы қырынан дами түсіп, сол құндылықтарды студенттерге жұғысты қылайық. Әр педагог өзінің ұстанымы мен болмысы арқылы мәдениет пен әдептіліктің тасымалдаушысы болу керек. Ұстаз – болашақ иегерлерінің тәрбиешісі. Ендеше болашағымыз үшін аянбай еңбек етейік», - деген мәнді де, мағыналы, терең астарлы ой-толғамымен мәжілісті қорытындылады.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ОҚУҒА ТИІС 100 ӘДЕБИ ШЫҒАРМА ТІЗІМІНІҢ ЖОБАСЫ



1. Абай. Шығармалар жинағы
2. Абай. «Қара сөздері»
3. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
4. Л. М. Толстой. «Война и мир»
5. Ілияс Есенберлин. «Көшпенділер» трилогиясы
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық»
7. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері мен шығармалары
8. Ж. Баласағұни. Құтты білік
9. Олжас Сүлейменов. «Аз и Я»
10. Ілияс Жансүгіров. «Құлагер» поэмасы
11. Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя»
12. Мағжан Жұмабаев. Таңдамалы шығармалары
13. Шекспир. «Ромео и Джульетта»
14. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы
15. Шыңғыс Айтматов. «Ақ кеме»
16. Әбдіжәміл Нұрпейсов. «Қан мен тер»
17. Қорқыт ата. «Қорқыттың нақыл өздері»
18. И.С.Тургенев. «Отцы и дети»
19. Ф.М.Достоевский. «Преступление и наказание»
20. М. А. Булгаков. «Мастер и Маргарита»
21. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан»
22. Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі»
23. Міржақып Дулатұлы. «Бақытсыз Жамал» романы
24. Н.В.Гоголь. «Ревизор»
25. Мұқағали Мақатаев. Таңдамалы шығармалары
26. Қ. А. Йассауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы)
27. Бұқар жырау. Бұқар жырау шығармалары
28. Жамбыл Жабаев өлеңдері мен дастандары
29. М. А. Шолохов. «Тихий Дон»
30. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек» романы
31. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Таңдамалы шығармалары
32. Мұхтар Шаханов. «Өркениеттің адасуы»
33. Әл Фараби. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»
34. А.С. Грибоедов. «Горе от ума»
35. М. Дулатов. «Оян, қазақ!»
36. Махамбет Өтемісұлы. Таңдамалы шығармалары
37. Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі»
38. Эрнест Хемингуэй. «Старик и море»
39. Сәбит Мұқанов. «Мөлдір махаббат»
40. А.Ахматова. «Избранные стихотворения»
41. С. Есенин. «Избранное».
42. Асан қайғы шығармалары. XV -XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
43. Ғабиден Мұстафин. «Дауылдан кейін»
44. Гете. «Фауст»
45. Дефо. «Робинзон Крузо»
46. Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз»
47. Шерхан Мұртаза. «Қызыл жебе»
48. Гомер. «Одиссея», «Илиада»
49. Б. Л. Пастернак. «Доктор Живаго»
50. Мұхтар Әуезов. «Философия жайынан»
51. Сервантес. «Дон Кихот»
52. М. Цветаева. «Избранные стихотворения»
53. Қасым Аманжолов. Таңдамалы шығармалары
54. Мұхтар Мағауин. «Аласапыран»
55. Фариза Оңғарсынова. Таңдамалы шығармалары
56. Драйзер. «Американская трагедия»
57. Тұманбай Молдағалиев. Таңдамалы шығармалары
58. Конфуций. «Лунь Юй»
59. Дулат Бабатайұлы. «Өсиетнама» жинағы
60. Қабдеш Жұмаділов. «Тағдыр»
61. Хемингуэй. «Прощай, оружие»
62. М.Ю.Лермонтов. «Избранные стихотворения»
63. Әнуар Әлімжанов. «Махамбеттің жебесі»
64. А.С.Пушкин. «Борис Годунов»
65. В. И. Шукшин. «Калина красная»
66. Ақтамберді. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
67. А. П. Чехов. «Чайка»
68. А. И. Островский. «Бесприданница»
69. Сапарғали Бегалин. «Шоқан асулары»
70. Иса Байзақов. «Құралай сұлу»
71. Стендаль. «Красное и черное»
72. Б.Ахмадуллина. «Избранные стихотворения»
73. Әбіш Кекілбаев. «Үркер»
74. Ж. Молдағалиев. «Жүректегі жазулар»
75. Зейнолла Қабдолов. «Менің Әуезовім» романы
76. Дулат Исабеков. «Тіршілік» повесі
77. Булат Окуджава. «Избранные произведения», в двух томах
78. Әзілхан Нұршайықов. "Махабат қызық мол жылдар"
79. Тахауи Ахтанов. «Шырағың сөнбесін»
80. Сәкен Жүнісов. «Ақан сері» диалогия
81. Бердібек Соқпақбаев. «Өлгендер қайтып келмейді»
82. А.П. Чехов. Рассказы.
83. Софы Сматаев. «Елім-ай» трилогиясы
84. Оскар Уальд. «Портрет Дориана Грея»
85. Хамит Ерғалиев. «Құрманғазы»
86. Ф. И. Тютчев. «На что вы, дни…»
87. Е.Евтушенко. «Стихотворения»
88. И.А.Гончаров. «Обломов»
89. Аристотель. «Саясат»
90. Оралхан Бөкеев. «Атау кере»
91. Әбділдә Тәжібаев. «Монологтар»
92. Саттар Ерубаев. «Менің құрдастарым»
93. Зейтін Ақышев. «Жаяу Мұса» романы
94. Томас Мор. «Утопия»
95. Р. Рождественский. «Избранные произведения»
96. А. Шопенгауэр. «Мир как воля и представление»
97. Джек Лондон. «Белый клык»
98. Сәкен Жүнісов. "Аманай мен заманай" романы
99. Төлеген Айбергенов. Өлеңдер жинағы
100. Бексұлтан Нұржекеев «Бір өкініш бір үміт»

# КӨППАРТИЯЛЫ ПАРЛАМЕНТ: саяси жүйенің дамуы, жетілуі, алға жылжуы

*(Басы 1-бетте)*

Осындай жаңалықтың нәтижесінде сол жылғы сайлау парламенттік үлгідегі саяси партиялар құру процесін ынталандыра отырып, жоғары саяси мәнімен және баламалы түрде өтуімен ерекшеленді. Сондағы сайлауға 10 саяси партия қатысып, 7 пайыздық межені еңсерген «Отан», Азаматтық, Аграрлық және Коммунистік партияның өкілдері Мәжіліске енді.

Үшінші Парламентті сайлау 2004 жылғы қыркүйекте өтті. Сайлауға 12 саяси партия қатысса, олардың 4-еуі екі сайлауалды блогтың құрамында болды. Сол кездегі Мәжілістің 77 депутатының 59-ын саяси партиялар ұсынды. Төртінші сайланған Парламенттің жаңа құрамы Конституцияға 2007 жылғы мамырда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қалыптасты. Жаңартылған Конституцияға сәйкес, Мәжіліс 107 депутаттан құралатын болып, 98 депутат партиялық тізімдер бойынша сайланды. Сонымен, бесінші Парламенттің жұмысы көппартиялық сипатпен ерекшеленеді. Былтырғы Мәжіліске қарағанда оның құрамы 65 пайыздан астамға дейін жаңарған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, 65 пайызға жаңарған Мәжілісте Қазақстан халқының түрлі әлеуметтік, гендерлік және кәсіби құрамы ынтымақтаса жұмыс істейтін болады.

Ендеше биліктің өзі бас болып көтерген «Көппартиялы Парламент елдің, қоғамның, саяси жүйенің дамып, жетілуіне, алға жылжуына не береді?» деген сауалымызға қара шаңырақтағы оқытушы-профессорлар мен ғалымдарымыздың пікірін тыңдап көрдік.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ПІКІР&МНЕНИЕ

## Демократиялықты тағы бір дәлелдеді



Соңғы өткен сайлау нәтижелері біздің қоғамымыздың тағы да болса демократиялық, азаматтық қоғам құру жолына түбегейлі көшкенінің бір айғағы деп айтуға болады. Шетелдік байқаушылар сайлау тиісті дәрежеде халықаралық талаптарға сай өтті деген ортақ пікірде. Сайлау кезінде партияаралық сайыста тағы да «Нұр Отан» партиясының көп алға шығуы – қалың бұқараның партияның ісіне оң баға беруі. Расында да, халықтың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мұң-мұқтажына мейлінше көңіл бөліп, көмектесіп отырған бірден-бір партия – «Нұр Отан». Осыған орай айта кетуге болады, басқа партиялар да тек қана сайлау кезінде ғана емес, әр кезде халықтың мұң-мұқтажына тұрақты түрде назар салып, белгілі бағытта ісшаралар өткізіп отырса, олар да осындай нәтижелерге жетіп отыратыны ешбір күмәнсіз. Жаңадан сайланған Парламенттің өте бір маңызды ерекшелігі оның көппартиялы жүйеге негізделгені, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қамтығаны, гендерлік тұрғыдан да, жалпы халықаралық талаптарға жауап беретіндігімен түсіндіріледі. Ендігі жерде жаңадан сайланған депутаттарымыз өздерінің алдарына алған міндеттерін абыроймен атқарса, соның ішінде білім, ғылым саласын ерекше назарда ұстап, қоғамның рухани негізін қалайтын зиялы қауымның да әл-ауқатын ұмытпаса екен деген үміттеміз...

**Нағима БАЙТЕНОВА,**
**дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры**

ПІКІР&МНЕНИЕ

## Қазақстан Парламенті – плюралистік заң шығарушы орган



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне өткен 15 қаңтар 2012 жылғы сайлау қорытындысы бойынша 98 депутаттық мандат келесідей тәртіпте бөлісіке түсті: «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы 83, Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясы 8, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы 7-інші орынды иеленді. Бұл сайлау нәтижелерін қазақстандық парламентаризм институтының дамуына қосылған сапалық ерекшелік деп бағалауға толықтай болады.

Біріншіден, Республика Конституциясында танылған идеологиялық және саяси плюрализм қағидасы (5-б., 1-т.,) жоғарғы өкілді орган құрамын қалыптастыруда функционалдық үстемдігін орната алды.

Екіншіден, отандық парламенттің фактілі құрамы бір партиялықтан көппартиялық мазмұнға ауысты. Сәйкесінше, «парламенттік азшылықты» немесе «оппозициялық азшылықты» білдіретін «Ақ жол» және «ҚКХП» партиялары парламентаризм институтының дамуына жаңа серпін береді деп есептеуге негіз бар.

Үшіншіден, парламенттік көпшілік болып табылатын «Нұр Отан» ХДП «Қазақстан – 2020» даму бағдарламасын іске асыруға толық мүмкіндік алып отыр. Конституциялық мағынадағы Қазақстан «халқының» 81%-ынан астамы өз қалауын «Нұр Отан» ХДП-мен бірге таңдауы ұлттық даму көшінің тізгінін мол сеніммен тапсырып отырғандығының көрінісі болса керек.

Тұтастай алғанда, елдегі демократиялық процестер, соның ішінде сайлау процесінің диалектикасы дамудың неғұрлым күшті және серпінді, сапалық жағынан жаңа деңгейіне көтеріліп отыр. Парламент Мәжілісі сайлауының нәтижелері – саяси өмірдің құқықтық өмірге ұласуының объективті шындығы, оның құқықтық мемлекет орнатудағы дамытушы күші болып табылады.

**Қазыбек ДАУТАЛИЕВ,**
**халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы**

ПІКІР&МНЕНИЕ

## Саяси дамудың жаңа бастамасы



Қазақстан Республикасы Мәжілісіне депутаттарды сайлау Қазақстандағы сайлауға қатысуға құқығы бар азаматтардың саяси сауаттылығының, саяси белсенділігінің сайлаудан сайлауға артып отырғанын көрсетеді. Бұл сайлаудың ерекшелігі уақытынан бұрын өткенінде және сайлаушылардың қағаз бюллетендер арқылы ғана дауыс бергенінде. Сайлау, сонымен қатар еліміздегі саяси партиялардың танымалдығының, беделінің, саяси қауқарының да көрсеткіші болды. Сайлау құқықты тұрғыдан бекітілген заңнамалар негізінде өткізілді. Сайлауда депутаттыққа кандидаттар қатарында экс-депутаттар да, әкімдер де, интеллигенция өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері де, кәсіпкерлер, белсенді жастар өкілдері де болды. Сонымен қатар депутаттыққа үміткерлер арасында әйелдердің де қатары артқаны осы сайлаудың ерекшелігі. Сайлаудың мақсаты саяси жүйені жаңарту, депутаттар кропусына жаңа тыныс әкелу, Қазақстан Республикасының 2030 Стратегиясына сәйкес еліміздегі инновациялық саяси-әлеуметтік және саяси модернизацияны, жұмысбастылықтың жаңа стратегиясын жүзеге асыру, жаңа сайланған депутаттар корпусы құрамының сапасына, саяси тұғырына, азаматтық ұстанымдарына байланысты болмақ.

Саяси партиялардың үлес салмағы олардың жасаған істеріне, белсенділігіне қарай бағаланды. Бұл жерде талдау жасаған сарапшылардың ешқайсысы да еліміздің Президенті басшылық ететін «Нұр Отан» партиясының басым дауыспен жеңіске жететініне күмән келтірмеді. Оған сайлау алдындағы, сайлау кезіндегі жүргізілген социологиялық зерттеулер нәтижелері дәлел.

Енді Қазақстанның саяси жүйесінде модернизацияның жаңа кезеңі басталды. Алға қойылған стратегиялық шараларды жүзеге асыру сайланған жаңа Парламенттің өкілеттілігінде. Қазақстандағы Президенттік басқарудан Парламенттік Президенттік басқаруға көшу саяси қатынастарда жаңа өзгерістерді, жаңа құндылықтарды ала келеді.

**Мәнсия САДЫРОВА,**
**социология ғылымдарының докторы, профессор**

## Легитимно и предсказуемо



Для государственной системы выборы являются главным методом формирования как высших, так и местных государственных органов. Именно поэтому к нынешней парламентской кампании было приковано внимание зарубежных и национальных организаций, всех граждан.

В нашей республике каждый имеет право голосовать и быть избранным в государственные органы. Это является естественным правом гражданина, и лишать этого права не может никто. Именно поэтому Глава государства наложил вето на постановления Конституционного совета и Центральной избирательной комиссии о запрете проведения выборов в Мажилис Парламента РК в Жанаозене в связи с режимом чрезвычайного положения. Президент мотивировал свое решение нарушением конституционного права жителей города на участие в выборах.

Для выборов главным является соблюдение всех процедурных моментов, отраженных в Основном законе и законодательстве о выборах. Именно соблюдение процедурных положений позволяет нам сказать, что выборы прошли легитимно.

Итоги голосования показали, что победа «Нур Отана» не вызывает никаких сомнений. Партия показала себя главной политической силой страны. Лидер «Нур Отана» – Президент Нурсултан Назарбаев – лидер всего казахстанского народа. Как профессиональный юрист отмечу, что выборы прошли с соблюдением всех требований закона. Впервые в Казахстане сформирован многопартийный Парламент, при этом НДП «Нур Отан» набрала подавляющее количество голосов.

И эта победа закономерна. Обратим внимание на такие приоритеты предвыборной программы партии, как качество жизни, единство народа, национальная безопасность и международный авторитет государства, образование и наука, здоровье населения и другие. Убежден, что выполнение этих задач позволит Казахстану в течение 5 лет преодолеть все кризисные моменты и продолжить демократические преобразования.

Партия «Нур Отан» поддерживается всеми. Так, соавторами Национального плана действий стали более 1 млн. казахстанцев, принявших участие в акции НДП «Голос народа». «Нур Отан» отражает интересы всех казахстанцев. Победа данного политобъединения – это победа всего казахстанского народа.

**Султан САРТАЕВ,**
**академик НАН РК,**
**профессор КазНУ им. аль-Фараби**

# КӨП ПАРТИЯЛЫ ПАРЛАМЕНТ: саяси жүйенің дамуы, жетілуі, алға жылжуы

## Сайлаушылар үміті ақталады



Елімізде өткен сайлаудың әлеуметтік-саяси жағдайы Қазақстан Республикасы үшін ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс депутаттар сайлау Конституциялық заңдылық негізінде, демократиялық тұрғыда, сайлаушылардың еркін шын тұрғыда білдіретін әділетті жағдайда өтті. Сайлауға дейін таласқа түскен көптеген саяси партиялардың тұғырнамасымен танысқан сайлаушылар дауыс беру кезінде «Нұр Отан» партиясын жақтап, өздерінің тілектерін білдірді. «Нұр Отан» партиясын қолдау, еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатын қолдау екені баршаға аян. Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігі кезеңінде экономикалық-саяси дамуы, халқымыздың әл-ауқатының артуы, Қазақстанда мекендейтін барлық ұлт өкілдерінің татулығы, бірлігі, мемлекетіміздің халықаралық деңгейде беделінің биіктеуі – ел Президентінің, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы қызметінің жарқын көрінісі. Сайлауға дейін халықпен тікелей араласып, өз бағдарламаларын жұртшылықпен таныстырған үміткерлер ішінен «Нұр Отан» партиясының іс-жоспары, болашаққа деген іс-қызметтері халықтың көңілінен жол тапты. Осыған орай ел болашағын ойлаған әрбір азамат «Нұр Отан» партиясын жақтап, шын жүректен өз дауыстарын берді.

Қазақстан халқының сайлаушыларының сеніміне ие болып отырған бұл партия келешекте Парламент мәжілісінің қызметін биікке көтеріп, елімізге аса қажетті заңдарды қабылдауда, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты барынша нығайтуға үлес қосады деген үміттеміз.

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**
**заң факультетінің**
**профессоры**

ПІКІР&МНЕНИЕ ПІКІР&МНЕНИЕ ПІКІР&МНЕНИЕ

## Ответственный выбор



Казахстанский электорат в очередной раз реализовал свое конституционное право и сделал свой ответственный выбор. Итоги выборов отразили сложившуюся в обществе расстановку политических сил, основные потребности и интересы народа и определили дальнейшее будущее страны.

В одном из выступлени Глава государства отметил: «Предстоящие выборы имеют большое значение для дальнейшего развития, для сохранения нашего авторитета в мире. Выборы в Мажилис должны стать новым этапом демократизации казахстанского общества и нашей политической системы. Уверен, что казахстанские партии тоже проявят свою высокую ответственность перед нашим народом».

Действительно, сегодня мы можем сказать, что институт выборов закрепился как важнейшая демократическая процедура в обществе. Итоги прошедших выборов со всей очевидностью показали консолидацию общества вокруг Президента страны и партии «Нұр Отан», ответственность и компетентность казахстанских граждан. Народ осознает, что от его политического выбора зависит дальнейший ход экономической модернизации страны и политических процессов.

Надо отметить, за годы независимости казахстанский электорат всегда делал выбор цивилизованно, что свидетельствует о высокой электоральной культуре нашего общества. А это в свою очередь говорит о том, что эволюция избирательного законодательства и электоральных процедур проходит в нашей стране в демократическом русле.

Политические предпочтения казахстанских граждан позволяют усомниться в действенности манипулятивных избирательных технологий. Большинство избирателей сделали свой выбор в пользу НДП «Нұр Отан», поскольку не только предвыборная программа, но и осуществляемая ею работа в межэлекторальный период соответствуют реализуемому государственному курсу и интересам избирателей. Казахстанский народ сделал выбор в пользу процветающего будущего, политической стабильности, сохранения гражданского мира и согласия.

**Гульнар НАСИМОВА**
**доктор политических наук,**
**заведующая кафедрой**
**политологии**

ПІКІР&МНЕНИЕ ПІКІР&МНЕНИЕ

## Болашаққа сенімдімін



2011 жылды Ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдық дүбірлі тойымен шығарып салып едік, жаңа 2012 жылды үлкен саяси шарамен бастадық. 15 қаңтарда кезектен тыс Республика Парламенті Мәжілісінің бесінші шақырылымы депутаттарының сайлауы табысты өтті. Біздің республикамызда әрбір адам дауыс беруге және мемлекеттік органдарға сайлануға құқылы. Мен сайлау күні осы конституциялық құқығымды пайдаландым. Оны пайдалана отырып, дауыс беруде өзімнің және балаларымның келешегі үшін аса үлкен жауапкершілікті мойныма алғанымды сеземін. Мен балаларым мен немерелерімнің болашағына өте сенімдімін.

Бұл сайлаудың тарихи маңызы өте зор. Қазақстанда бірінші рет көппартиялы Парламент қалыптасып отыр. Дауыстардың басым көпшілігіне «Нұр Отан» ХДП ие болды. Бұл халықтың орнықтылық пен тұрақтылықты, амандық-саулық пен гүлденуді, бірлік пен келісімді, түрлі ұлт өкілдері мекендейтін еліміздегі тыныштық пен достықты, ауызбірлікті таңдауы. Өйткені бұған дейін де өкімет пен билік партиясы өзінің еліміздің гүлденуі мен әрбір қазақстандықтың әл-ауқатының артуына қамқорлық көрсетіп, тиімді де ұтымды жұмыс жасай алатынын дәлелдеді. Сайлаудан кейін де біздің елімізді жаңа жетістіктер мен толағай табыстар күтеді. Алдымызда өмір сүру деңгейі жоғары елдер тобына кіру мен инновацияларды ауқымды енгізу, жоғары технологиялық өндіріс орындару қалыптастыру арқылы экономиканың дамуын қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл жоспарларды жүзеге асырудағы ерекше рөл тағы да жаңа инновациялық ойлауға қабілетті кадрлар дайындауға тиісті жоғары білім жүйесіне жүктеледі.

Жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде жүргізіліп жатқан көлемді өзгерістер де кездейсоқ емес. Ғылымды дамытуға өте қомақты қаржылар бөлініп, ғалымның мәртебесі артып отыр.

Сөзімнің соңында «Нұр Отан» ХДП мүшелерін, «Ақ жол» ДП және ҚКХП өкілдерін сайлауда жеткен жеңістерімен құттықтай отырып, халық қалаулыларының ел сенімін толық ақтайтынына, елімізді әрі қарай саяси және экономикалық жетілдіру жолында өздерінің білімі мен кәсіби біліктілігін аямайтынына сенемін. Себебі алғашқы көппартиялы Парламенттің жаңа құрамы үшін Бірінші Президент – «Нұр Отан» партиясының көшбасшысы құрған стратегиялық жоспарлармен анықталған әлеуметтік бағытталған мемлекет идеалдарын жүзеге асыруға лайықты барлық жағдайлар жасалған.

**Болат ӘБЕНОВ,**
**дифференциалдық теңдеулер және**
**басқару теориясы кафедрасының аға**
**оқытушысы**

## Қазақстан – парламенттік сайлау және мемлекеттілік



Қазақстанның дамуы үшін тұрақты эволюция қажет. Ол дегеніміз – экономикалық, әлеуметтік және идеялық тұрғыдан даму. Қазақстан прогресс жолын түпкілікті таңдап алды. Бұл жолдан біз өзімізге іскерлік пен мақсаткерлікті одақтас етіп алғанда ғана асқақ идеяларды иемдене, ұлан-ғайыр материалдық және адамгершілік күш-жігерді жұмылдыра отырып қана өте аламыз. Н.Ә. Назарбаев жаңа мемлекет құра отырып, бірнеше күрделі мәселелерді шеше алды. Сыртқы саясатта ядролық қарудан бас тарту Қазақстан дипломатиясының ірі табысы, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға Президент Н.Назарбаевтың елеулі үлес қосқанын әлемдік қоғамдастықтың тануы деп қабылдау керек. Қоғамдағы азаматтардың саяси белсенділігі елдегі ішкі жағдайға, саяси институттардың ықпалы мен әрекеттілігіне, қоғамдық күштердің арасалмағына, демократиялық дәстүрлер мен ережелердің жетілу деңгейіне және т.б. байланысты. Шын демократиялық қоғамда азаматтардың саяси белсенділігі оның дамуының, билік құрылымдары мен азаматтық қоғамның арасындағы кері байланысты ұдайы жетілдірудің тетігі болып табылады. Қазақстан өзіндік демократиялық жолымен эволюциялық түрде дамуда. 1991 жылдан бастап Қазақстанның саяси жүйесінің дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең - 1991-1993 жж. Екінші кезеңді шартты түрде 2000 жылға дейін деп қарастыруға болады. Осы жылдары Қазақстанның саяси партиялық жүйесінде де елеулі өзгерістер орын алды. Саяси партиялар Қазақстан Парламентіне сайлауға және сол үшін күрестің жаңа кезеңіне көшті. Біздің саяси жүйеміздің трансформациялануының үшінші кезеңін 2000 жылдан бастауға болады. Бұл кезең қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. 2000 жылдан бері Қазақстанның саяси жүйесі сапалы жаңа кезеңге өтті. Бұл өзгерістердің ішінде Қазақстанның таза Президенттік мемлекеттен Президенттік – Парламенттік жүйеге өтуді атау қажет. Осыған сәйкес 2012 жылдың 15 қаңтарында өткен парламенттік сайлаудың саяси маңыздылығы өте зор болды. Бүгінгі таңда парламенттік дода өз қызу шегіне жетіп отыр. Саяси доданың жетекшілері де анықталды. Ол, әрине «Нұр Отан» партиясы. «Нұр Отан» партиясының жетістіктерін халық негізінен Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атымен байланыстырады. Биылғы сайлау науқанының тағы бір ерекшелігі, ол жалпы Қазақстандағы осыған дейінгі саяси науқандарға тән құбылыс - «қара пиярдың» мейлінше шектелуі. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда бізде «қара пиярды» пайдалану дәстүрі қалыптасқан жоқ. Бұл әрине қуанарлық жайт. Саяси партияларың өз сайлаушыларының даусын алуы шын мәнінде үлкен қажырлы еңбектің нәтижесі.

**Сайфулла САПАНОВ,**
**халықаралық қатынастар**
**және әлемдік экономика кафедрасының**
**профессоры**

ТӘРБИЕ

# Студенттердің шығармашылығын ашатын тұлға

**Дүниетанымы кең, мәдениеті жоғары, заман талабына сай білімді де шығармашыл, тәрбиелі, өнегелі тұлға қалыптастыру – еліміздің білім беру саласындағы стратегиялық бағыттарының бірегей басымдылығы.**




Осыған орай, білім беру бағдарламалары талаптарының шарттарына сәйкес шығармашылықпен жұмыс істей алатын білімді де білікті тұлғаны дамыту үшін оқу мен тәрбиені бірдей бағытта алып жүру, білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде қарастырылған. Дегенмен студенттерге тәлім-тәрбиені үйретуде және оқытуда жоғары оқу орындарында куратор- эдвайзерлердің жұмысын ұдайы белсендіру керек. Себебі тәлім-тәрбие іс-әрекетінің нәтижесі студенттердің оқу үлгерім сапасына да айтарлықтай әсер етеді. Тәрбие жүйесінің негіздемелік теориялық әдістері жеткіліксіз жағдайда оқу үдерісінде қарама-қайшылықтар туып жатады. Себебі, білім беру мекемелерінде ұлттық тәрбиенің жетіспеуінен оқу үдерісінің құрылымы мен мазмұнының деңгейі төмендейді. Біздіңше, жалпы білім беру жүйесінде кәсіби, ұлттық үлгілерді қалыптастыруда шығармашылық қасиетке ие куратор-эдвайзерлер мен оқытушылардың көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Кәсіптік және педагогикалық шеберлігі жоғары куратор эдвайзер өз студентінің қасиеттері, бейімділіктері мен мүмкіндіктерін аша біледі. Студенттің оқу-ғылым-білімге деген қызығушылық қасиетін оятады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелі куратор-эдвайзерлер өз тәрбиесіндегі студенттерінің шығармашылық түсінігінің болмыстық сипатын аша біледі. Әрине, мұндай тәжірибе жинақтау үшін куратор-эдвайзерлер жүйелі түрде инновациялық-педагогикалық семинарларға қатысып, білімдерін толықтырып отыруы керек. Сондықтан энергоэкология кафедрасының кураторлары университетіміздің «куратор-эдвайзер мектебіндегі» семинарларға жүйелі түрде қатысып отырады. Еліміздің болашағы студент жастардың ой-өрісін жан-жақты дамытуда, олардың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруда куратор-эдвайзерлердің рөлі өте зор. Қазіргі ақпарат ғасырында түрлі ақпарат көздерінің жағымды-жағымсыз мәліметтерге қолжетімділік тұста ата-анадан жырақта жүрген жастарға дұрыс тәрбие беретін куратор-эдвайзерлердің атқаратын жұмыстары орасан зор. Себебі білім беру мекемелерінде жоғары тәрбиелік мәні бар, адамгершілік, рухани-танымдық, отансүйгіштік патриотизмге баулитын куратор-эдвайзер өткізетін көптеген тәрбие сағатында студенттер өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытып, біліктіліктерін қалыптастыра алады. Осы орайда куратор-эдвайзерлер студенттердің жеке қасиеттерін көрсету үшін оларға ынтымақтастық жағдай жасап, шығармашылық құнды тапсырмалар деңгейін байыту қажет. Кафедраның ұйымдастыруымен фа культет деңгейінде өткізілген «Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы экологиялық мәселелер» тақырыбындағы жатақханада өткізілген ашық есік күнін және университет мұражайында болған «Фараби оқулары-пәнаралық ғылыми студенттік семинарды» осы жұмыстардың нәтижесі ретінде көреміз. Сондай-ақ кафедра деңгейінде «Тәуелсіздік толғауы», «Тәуелсіздікке 20 жыл: тіршілік қауіпсіздігі саласындағы жетістіктер», «Тәуелсіздік – ел тұғыры», «Тәуелсіздік тұр тапжылмай тағында» атты тақырыптарда өткізілген ашық кураторлық сағаттар осы мақсаттар үдесінен шыққанын атауға болады.

Қорыта келе айтатынымыз, егер әрбір куратор-эдвайзерлар қазіргі кезеңдегі әртүрлі тәрбиелік мәні зор тақырыптарға бағытталған оқытудың технологияларын қолдан са, студенттердің қоғамдық-тәрбиелік біліктіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туар еді. Сондықтан студенттерге тәрбиелік білім беру барысында куратор-эдвайзерлердің тәжірибесін пайдалануымыз керек.

**Г.А. МҰҚАНОВА,**
**б.ғ.к., энергоэкология кафедрасының аға эдвайзері**

ЛБО

# Үйірме жұмысының үйретері

**Қазақстан егемендік алған уақыттан бері білім беру саласында да түрлі өзгерістер мен жаңалықтар легіне толық ілесіп отыр. Еліміздің ғылым және білім беру саласындағы түрлі өзгерістері мен жаңаша ізденістері, білім талаптарына еніп жатқан жаңа толықтырулары әлемдік білім беру кеңістігіндегі озық үлгілеріне қарай бет бұрып қана қойған жоқ, олардың педагогикалық теориясы мен білім беру парадигмаларының озық тәжірибесін толық игере алатынын көрсетті әрі әлемдік білім беру кеңістігінде толық өз орнын иеленіп те алды.**

XX ғасырдың орта шенінде оқу жүйесіне енген педагогикалық технология – жаңа оқу, білім беру тәжірибесіндегі педагогикалық жобалардың жетілген жаңа үлгісі. Қазіргі оқыту мен білім беру жүйесіндегі үлкен өзгерістер мен түрлі жаңаша бастамалар университеттің оқу және тәрбие саласында толық қолданыста. Кешегі оқу мен тәрбиеге деген әлеуметтік сұраныс пен уақыт талабы бүгін басқаша. Қазіргі дамыған мемлекеттерде тілдік жағдайға және мемлекеттік тілдерге қатысты лингвистикалық болжау орталықтары (ЛБО) ашылған. ЛБО мемлекеттік тілдің болашағына барлау жасай отырып, дәстүрлі тіл жүйесінің сапалық және сандық бағыттарын кешенді түрде зерттеуге көмектеседі. Бүгінгі таңда қазақ тілі үшін де осындай орталықтар өте қажет. Осындай әр халықтың тіліндегі әлемдік үрдістерге байланысты филология факультетінде «Лингвистикалық болжау орталығы» атты ғылыми студенттер қоғамы екі жылдан бері жұмыс істейді.

Үйірме өз бетінше ғылыми зерттеу жасауға қызығушылығы мен құлшынысы бар студент жастардан құрылған. Клуб түрлі дебат, интеллектуалды тренинг ұйымдастырады, студенттің бос уақытын пайдалы шығармашылық еркіндікке бағыттайды. Үйірмедегі студенттердің ғылымға қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық бастамасына жағдай жасайды, кәсіби біліктілігін көтеріп, оқу мен ғылымға белсенділігін арттыра отырып шаршы топ алдында мәдениетті сөйлеуге, бір сөзбен айтқанда, жеке тұлға болуға үйретеді.

ЛБО филология ғылымының ұғым түсініктеріне терең ғылыми ұстанымдарды зерделеу болып табылады. ЛБО мақсатына жету барысында үйірмеге қатысушылар өздерінің қызығушылығын оятатын қазақ тілінің көкейкесті мәселелеріне арналған рефераттар, ғылыми баяндамалар талдайды, дөңгелек үстел ұйымдастырады, жас ғалымдардың тобын құрады, филология ғылымдарының ғылыми және қолданбалы салаларының алғышарттарын жасайды, жастар саясатын дамытуға өз үлестерін қосады.

**Дина ӘЛКЕБАЕВА,**
**филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің оқытушысы**

ОПЫТ

# ВОСПИТАНИЕ – дело важное и благородное

**Одной из наиболее эффективных форм воспитательной работы со студенчеством в университете является институт кураторов-эдвайзеров. Наставники помогают решать студентам задачи в учебе, передают им свой опыт и знания, лучшие традиции вуза, оказывают определенное влияние на формирование мировоззрения. Об этом рассказывает в интервью заведующая кафедрой общей и этнической педагогики, руководитель Школы кураторов-эдвайзеров Айгерим Мынбаева.**

**- Айгерим Казиевна, на чем, на ваш взгляд, базируется система воспитательной работы в КазНУ?**

Ректором КазНУ Галымом Мутановым определен курс на гуманизацию образования и образовательной среды университета, по его инициативе восстановлен институт кураторов. Воспитательный процесс строится, прежде всего, на преемственности традиций и внедрении инноваций в воспитании. Значимым новшеством стала разработка и принятие Кодекса корпоративной культуры и Кодекса чести студентов. Инновационность заключается и в том, что именно ценности коллектива, корпоративные приоритеты, пронизанные академическим духом стали фундаментом воспитательной системы вуза.

**- Какое место отводится в этом кураторам-эдвайзерам?**

- Работа по воспитанию студенчества очень ответственная и благородная. Ведь от наших студентов зависит будущее страны. Основная задача куратора – помочь будущему специалисту в личностном и профессиональном росте. Начиная с первого курса, молодым людям оказывается всесторонняя помощь в адаптации к студенческой жизни, развитии и становлении как личности. Прилагается много усилий для раскрытия таланта студента, его возможностей, чтобы он стал действительно востребованным в обществе профессионалом и гражданином.

Очень важно, что в КазНУ уделяется внимание и профессиональному росту кураторов-эдвайзеров. В этом большая роль отводится работе Школы кураторов-эдвайзеров. Это площадка для консультаций, диалога, креативности и сотрудничества преподавателей. Новый девиз воспитательной работы в вузе «Воспитание в формате партнерства, сотрудничества и сотворчества». Успех работы может быть обеспечен только через диалог и сотрудничество преподавателей и студентов, кураторов и администрации, общественных объединений.

**- Каковы итоги работы Школы кураторов-эдвайзеров и планы на будущее?**

На протяжении всего 2011 года школа активно проводила занятия. На тренингах шел обмен опытом кураторства, использования новых методов и форм, инновационных технологий в воспитательной работе.

Важно, что студенты активно вовлечены в процесс обновления воспитательной системы, они предлагают темы кураторских часов и мероприятий. Мы активно сотрудничаем с кафедрами психологии и социологии, культурологии, философии и религиоведения. Такая интеграция способствует формированию научных подходов к гуманизации образовательной среды. В ближайшей перспективе планируем расширить психологическую службу в вузе, создать лабораторию психолого-педагогической диагностики и совершенствовать работу школы.

**- Спасибо за интервью. Желаем дальнейших успехов!**

СОТРУДНИЧЕСТВО

# Путь в тысячу ли начинается с одного шага

*(Китайская пословица)*

**Уникальный проект создания университета Шанхайской организации сотрудничества (УШОС), выдвинутый в 2007 году претворяется в жизнь. Обучение в рамках сетевого университета ШОС дает уникальную возможность получить хорошее образование, найти много друзей и самое главное стать востребованным специалистом.**

В одном из выступлений Генеральный секретарь ШОС Муратбек Иманалиев отметил: «Сейчас ... главная цель наших вузов - подготовка современно мыслящей молодежи, которая наряду с владением суперсовременными технологиями была бы воспитана в духе толерантности и уважения к культурным особенностям других народов». Благодаря этой программе мне посчастливилось пройти обучение по направлению «Регионоведение» в одном из ведущих вузов России - Московском Государственном Лингвистическом Университете.

С большим интересом мы слушали лекции опытных педагогов кафедры регионоведения МГЛУ по целому ряду учебных дисциплин: актуальные проблемы регионоведения, этнопсихология народов региона специализации, проблемы безопасности и конфликты в изучаемом регионе, изучение проблем стран Центральной Азии, политические системы и культуры стран региона специализации. Кроме того, на кафедре преподавались специальные курсы по актуальным проблемам теории и практики современного регионоведения.

Перед нами выступали такие известные специалисты в области теории и практики региональных исследований, как профессора В.П. Зимонин, Т.В. Писанова, Т.И. Пашукова, Л.А.Бабаев, доценты В.И. Блищенко и Т.Б. Владиславлева. В качестве консультирующих преподавателей занятия проводили профессоры кафедры: советник руководителей ряда субъектов РФ по вопросам стратегического планирования регионального развития, кандидат экономических наук В.А.Керов, заместитель начальника отдела Правительства Московской области, кандидат военных наук, старший научный сотрудник А.Б. Логунов и др. Благодаря чуткому вниманию директора казахского центра при МГЛУ У.Е. Мусабековой казахстанские студенты посещали юбилейные мероприятия, посвященные 20-летию Независимости Казахстана.

Москва славится своими библиотеками и научными центрами. Благодаря помощи заведующего кафедрой по обучению иностранных граждан К.Э.Ковалева мы смогли знакомиться с материалами в Российской Государственной библиотеке им. В.Ленина, библиотеке Института Дальнего Востока, Института Востоковедения, РАН ИНИОН, МГЛУ, МГИМО и МГУ. Это дало возможность сделать подборку необходимых материалов для магистерских диссертаций.

В результате творческого сотрудничества я получила приглашение для участия в научной конференции, которая состоится в городе Смоленске (РФ). Участие в научных форумах по линии УШОС будет способствовать расширению научных контактов и очень важно для студентов разных стран. Мне кажется, что есть необходимость в создании «Вестника УШОС», в котором мы сможем публиковать результаты научной деятельности. Так как во время обучения по программе академической мобильности, написание моей магистерской работы проходит под руководством преподавателя из МГЛУ, хорошо было бы провести защиту диссертации с его участием (он-лайн режим, приезд консультанта-руководителя, защита в МГЛУ).

Хочется выразить большую признательность за предоставленную возможность пройти обучение ректору КазНУ им. аль-Фараби Г. Мутанову и проректору по учебной работе Г. Балакаевой, ректору МГЛУ И. Халеевой. Неоценимую помощь и поддержку при обучении в вузе-партнере оказывали координаторы учебного центра УШОС при КазНУ.

Надеюсь, что сотрудничество КазНУ в рамках УШОС позволит и в дальнейшем студентам нашего университета повышать уровень профессиональной подготовки в ведущих вузах стран ШОС.

**Жания КИРЕЕВА,**
**магистрант второго курса**
**факультета востоковедения**

ӘРІПТЕСТІК

# Сенімді ынтымақтастық-сапалы ілім

**Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы университеті (ШЫҰУ) Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер аясында 60-қа жуық университеттердің басын біріктіретін, үздік ұлттық дәстүрлерді және әлемдік стандарттарды үйлестіруші еуразиялық бірегей жоба.**



Бүгінгі отандық білім беру флагманына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ШЫҰУ оқу орталығы жұмыс істейді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университетінің негізгі ұстанымы - Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдер университеттерінің желісін құрып, білім беру арқылы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен сенімділікті нығайту.

Қазіргі таңда Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті аясында магистрлік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі келісімшарт негізінде 2010-2011 оқу жылында нанотехнология бағыты бойынша Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінде ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің магистранттары білім алып қайтты. Ал 2011-2012 оқу жылында экология бағыты бойынша география және табиғатты пайдалану факультетінің магистранттары Ресей халықтар достығы университетінде, ал аймақтану бағыты бойынша шығыстану факультетінің магистранты Мәскеу лингвистикалық гуманитарлық университетінде біліктіліктерін шыңдап, білім алуда.

ҚазҰУ-дың серіктес университеттермен келіссөздері нәтижесінде 2012-2013 оқу жылында Қытай Халық Республикасының үздік оқу орындарында экология, аймақтану бағыттары бойынша ШЫҰУ аясында академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру жоспарланып отыр.

ҚазҰУ магистранттарының ШЫҰ университеті аясында сапалы білім алуға мүмкіндік жасап отырған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне және ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанов басқарып отырған университет ұжымына айтар алғыстары шексіз.

Қазіргі заман талаптарына сай білім беретін ШЫҰУ түлектеріміз одан әрі білім алып, жұмыс табуына үлкен мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

**ШЫҰУ оқу орталығы**

ИНТЕГРАЦИЯ

# Новые горизонты образования

*«Путешествия учат больше, чем, что бы то ни было. Иногда один день, проведённый в других местах, даёт больше, чем десять лет жизни дома»*
***Анатоль Франс***

**В рамках Университета Шанхайской Организации Сотрудничества – мы первые ласточки, которые полетели от родного шанырака Казахского национального университета им. аль-Фараби в Белгородский государственный национальный исследовательский университет (НИУ «БелГУ») по совместной образовательной программе. Интеграция национальных университетов в УШОС призвана сформировать единое евразийское научно-образовательное пространство, отвечающее мировым стандартам. Обучение в рамках университета ШОС открыло для меня новые горизонты и возможности реализовать себя в таком интересном научном направлении как, «Нанотехнология».**



Время обучения в Белгороде наполнено яркими впечатлениями. Трудно описать впечатления в нескольких словах. Невозможно с первого взгляда не влюбиться в этот романтичный и уютный город. Его жемчужиной по праву считается НИУ «БелГУ» - один из крупнейших высших учебных заведений России.

БелГУ включает 22 факультета и 2 института, более 89 кафедр. В университете обучается 32 тысячи студентов, 657 аспирантов и докторантов. На факультетах, в научных центрах и лабораториях работают более двух тысяч преподавателей, из них свыше тысячи профессоров и кандидатов наук. Созданные в университете крупные научно-исследовательские лаборатории оснащены современным высокотехнологичным оборудованием. Это даёт возможность выполнять научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы на мировом уровне.

Нам были созданы все условия для учебы и исследований. Большой интерес у меня вызвала новая междисциплинарная программа «Биосовместимые наноимплантаты», так как магистерская диссертация связана с этой темой. В университете имеется великолепная библиотека, в которой мы пользовались полными комплектами РЖХ, Chemisches Zentralblatt, Chemical Abstracts и основными академическими научными журналами по химии.

Особое внимание в университете уделяется изучению английского языка. Успешно выдержав итоговые испытания, мы стали обладателями сертификата международного образца. Кроме того, прошли обучение по программе «Методы анализа структуры и свойств наноматериалов с помощью микроскопических методов исследования» и получили удостоверение о краткосрочном повышении квалификации.

Учеба в БелГУ - замечательное время. Нам преподавали умнейшие педагоги, творческие и увлеченные ученые. Мы посещали спектакли и литературные вечера, приняли активное участие в ежегодном Дне здоровья, который прошел в природном парке «Нежеголь». Мы получили массу впечатлений и удовольствия от поездки, которая пока остается самым ярким событием в нашей жизни!

Хочу выразить искреннюю благодарность ректору нашего университета Г. Мутанову, первому проректору М. Буркитбаеву, проректору по учебной работе Г. Балакаевой, зав.кафедрой энергоэкологии Ж. Торегожиной, сотрудникам УШОС и ИПО в КазНУ за предоставленную прекрасную возможность обучения и поддержку будущих специалистов. Отдельное спасибо ректору НИУ «БелГУ» Л. Дятченко, начальнику управления по международным связям М. Трубицыну, декану биолого-химического факультета О. Лебедевой.

**Гулден ТЕМИРХАНОВА,**
**магистрант химического факультета**

# Спорт жарысы табиғат аясында

Жақында Алматы қаласындағы Іле-Алатау «Аюсай» тау шатқалында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қыс-2012» атты қысқы ойындардан жарыс өтті. Оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің биоалуантүрлік және биоресурстар кафедрасы меңгерушісі б.ғ.д., профессор С.С. Айдосова, PhD М.А. Суворова, кафедра доценттері Н.З. Ахтаева, А.Б. Ахметова, Г.К. Ерубаева, З.А. Инелова және оқытушы Ә.Т. Мамурованың кураторлық топтары мен Іле-Алатау МҰТП Медеу филиалының эколог-ағартушысы Р. Сембаева және тағы басқа қызметкерлер қатысты. Жарыста қысқы спорт ойындары, ұлттық ойындар басқа да түрлі жарыстар ұйымдастырылды. Жеңімпаздарға арнайы орын беріліп, сыйлықтар таратылды. Нәтижесінде аппақ қарда арнайы қаппен жүгіруден Н.З. Ахтаева және А.Б. Ахметова бас жүлдені иеленсе, арнайы шанамен жарыста Г.К. Ерубаева, Ә.Т. Мамурова 1-орынды жеңіп алды. Қашықтыққа жүгіруден З.А. Инелова және Р. Сембаева 1-орынға лайықталды. Ал ат жарысынан М.А. Суворова 1-орынды иеленді. Аппақ қарға оранған әдемі табиғат аясында оқытушыларымыз салауатты өмір салтын осылай насихаттап жатқанда, студенттер арасында спортты ұлықтау кенде қалмады. Мәселен, қыз қуу жарысы ұйымдастырылып, 2 курс студенттері Мақсат Садықов пен Мерей Оразбекова және магистрант Мадина Алияскарова осы жарыста өз өнерлерін ортаға салып, сыйлықтарға ие болды. Жарыс соңында Д.А. Қонаев рухына арнап ас беріліп, еске алу шаралары жүргізілді.



**Әсем МАМУРОВА,**
**б.ғ.к., биология және биотехнология ф акультетінің оқытушысы**

ЖАРЫС

# Көптен күткен қос жеңіс

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, дене шынықтыру мен спортқа кең көлемде халықты жұмылдыру міндетін насихаттау және іске асыру мақсатында жуырда университетте оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері арасындағы дәстүрлі 40-ыншы «Денсаулық» спартакиадасы ұйымдастырылды.**



Бұл сайыстың басты мақсаты - дене шынықтыру мен спортты насихаттау, достық қарым-қатынас орнату, факультеттік ұжымдар арасындағы спортқа қабілетті қызметкерлерді саралау және салауатты өмір салтын насихаттау. Бұл спартакиаданың бір ерекшілігі - заң факультетінің волейбол мен футболдан өткен жарыста 1-інші орынға ие болғаны. Осы жарыстың тарихында алғаш рет, міне, бірдей екі алтынды қанжығамызға байладық. Бұл жеңіс дартс, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі мен бадминтон сияқты спорттың басқа түрлерінен алған жеңістен айырмашылығы командалық ойынында, яғни жеңіске жету тек индивидуалды түрде емес, командалық рухтың және ойыншылардың бір-бірімен түсінушілігінде болып отыр.

Волейболдан заң факультетінен ерекше көзге түскендер қатарында оқытушы және PhD докторанты А.К. Жәнібеков пен факультет деканының орынбасары У.А. Ахатов саналса, ал футболда факультет түлегі, тәуелсіздігімізді алғаннан бастап заң факультетінің негізгі құрамында ойнап келе жатқан доцент, команда капитаны Б. Көшпенбетов және темірдей жүйкелері сыр бермейтін жас маман оқытушылар А. Байсалов, Б. Сапаров, Е. Алимкулов, Н. Тәуекелов, Е. Нұрмағанбет, Б. Таубаев және Е. Бағылбек ерекше ойын көрсетті. Ұзақ уақыт футболдан жолы болмай келген заң факультетінің командасы бұл спартакиадаға толықтай дайындықпен фаворит есебінде келді. Топтық кезеңде барлық кездесулерін, соның ішінде филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетін, философия және саясаттану, тарих, археология және этнология факультеттерін тізе бүктірсе, ал жартылай финалда биология және биотехнология факультетінің командасын 13:1 есебімен ойсырата ұтып, финалдық бәсекеде физикалық техника факультетін ойын соңындағы пенальтиден 3:1 есебімен жеңіске жетті.

Футбол әлемдегі нөмірі бірінші спорт түрі болып табылғандықтан бұл спорт түрін көруге 200-дей жанкүйер мен көрермен қатысып тамашалады. Заң факультетінің жанкүйерлері болып, ұзақ жылдар бойы бұл жеңісті көздеп келе жатқан және кезінде осы заң факультетінің құрамында тер төккен факультет деканы, профессор Д.Л. Байделдинов, кафедра меңгерушісі, профессор С. Тыныбеков, спорт шебері, профессор Б.А. Жетпісбаев, Б. Жандарбек, доцент А. Исабеков, Ғ.Тайғамитов, С. Алдашев және т.б. сияқты беделді оқытушылар командалық жеңіске жетуде біраз жүйкелерін тоздырды деп айтуға болады. Осы екі жеңіске арнайы кубок дайындалып, спартакиаданың жабылу салтанатында факультет деканы, з.ғ.д., профессор Д.Л. Байделдиновке Ректор аппаратының басшысы Қ.З. Жусіпов табыстап, алдағы уақытта осы райдан қайтпауға және заң факультетінің басқа да спорт түрлерінен жеңісі алда екенін атап өтті. Сонымен қатар университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы тек қана білім беріп қана қоймай, спортта да шеберлері бар екенін тағы бір дәлелдеді.

Міне, осылай денсаулыққа сергектікті серік еткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары мен қызметкерлері жаңа жылды дене шынықтыру мен спорт алаңында күш-жігер жинаудан бастады.

Жеңісті күнде жолыққанша!

**Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ,**
**заң факультет қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы**

СПОРТ

# БЫСТРЕЕ, ВЫШЕ, СИЛЬНЕЕ!

**Университет имеет богатые традиции в сфере развития физической культуры и спорта. Студенты занимаются в более 30 различных спортивных секциях. В течение учебного года проводится более 40 спортивно-массовых мероприятий. КазНУ является победителем республиканской универсиады, а его студенты защищают честь страны на международных соревнованиях.**

Стало доброй традицией проводить соревнования на Кубок ректора среди первокурсников, спортивные состязания на Кубок декана, спартакиаду между сборными командами факультетов по видам спорта. Огромной популярностью пользуются матчевые встречи между выпускниками и сборными командами университета по футболу, мини-футболу, волейболу, бадминтону, шахматам и настольному теннису. Это укрепляет преемственность поколений. Администрация, профессорско-преподавательский состав и сотрудники университета принимают активное участие в спартакиаде «Здоровье».

Эффективными средствами и формами патриотического и интернационального воспитания студентов являются включенные в программу спортивных праздников национальные виды спорта: казакша-курес и тоғыз құмалақ, проведение «Президентских тестов», легкоатлетического кросса, посвященного Дню победы и др.

Физкультура и спорт стали неотъемлемой частью студенческой жизни университета, достижения позитивно влияют на имидж вуза. Все это способствует выполнению стратегической задачи - приобщению студенческой молодежи к здоровому образу жизни и подготовки спортсменов высокого класса.

**Г.Б. МАДИЕВА,**
**к.п.н., доцент кафедры физического воспитания и спорта**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
*Бас редактор м.а.* – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
*Жауапты хатшы* – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
*Редакторлар* – Еңлік АҚЖІГІТ, Ағила ШУРИЕВА
*Беттеуші* – Татьяна ӘКІМОВА
*Фототілші* – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ
*Корректоры* – Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілің, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс №10041

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген